




BOSCH

Маманға арналған техникалық төлқұжат және орнату және қызмет көрсету нұсқаулығы

Газды конденсациялық құралы

Condens 7000iW

GC7000iW 24 | GC7000iW 20/28 C



0010010588-001



Мазмұны

1	Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері.....	3	7.5	Ыстық су дайындау процесін реттеуді орындаңыз	26
1.1	Таңбалардың мәні.....	3	7.5.1	Ыстық су беру режимін қосу/өшіру.....	26
1.2	Қауіпсіздікке қатысты жалпы нұсқаулар.....	3	7.5.2	Жылы су температурасын реттеу.....	26
2	Өнім туралы мәліметтер.....	5	7.6	"Жаз" режимін қолмен қою.....	26
2.1	Жеткізу көлемі.....	5	7.7	"Жаз" режимін қолмен қою.....	27
2.2	Сәйкестік декларациясы.....	5	8	Қолданыстан шығару.....	27
2.3	ЕО нормаларына және ЕАЭО техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігі туралы ақпарат.....	5	8.1	Құрылғыны өшіру.....	27
2.4	Өнім айқындамасы.....	5	8.2	Аяздан қорғау функциясын реттеу.....	27
2.5	Шолу.....	5	9	Термикалық залалсыздандыру.....	28
2.6	Өлшемдер мен ең аз қашықтық.....	6	9.1	Жылыту құрылғысы арқылы басқару.....	28
2.7	Өнімге шолу.....	8	9.1.1	GC7000iW ...-құрылғылары.....	28
3	Жарлықтар.....	9	9.1.2	GC7000iW ... C-құрылғылары.....	28
4	Пайдаланылған газ бұрғыш.....	9	9.2	Ыстық су беру бағдарламасымен басқару блогы арқылы басқару (GC7000iW ...-құрылғылары).....	28
4.1	Пайдаланылған газдың рұқсат етілген керек-жарақтары.....	9	10	Қызмет көрсету мәзіріндегі реттеулер.....	28
4.2	Құрастыру шарттары.....	9	10.1	Қызметтік мәзірді басқару.....	28
4.2.1	Негізгі нұсқаулар.....	9	10.2	Ақпараттың индикациясы.....	29
4.2.2	Тексеру саңылауларының орналасуы.....	9	10.3	1-мәзір: Жалпы баптау.....	30
4.2.3	Шахтадағы мұржа.....	9	10.4	2-мәзір: құрылғының ерекшелік баптаулары.....	30
4.2.4	Тік пайдаланылған газ мұржа.....	10	10.5	3-мәзір: Құрылғының ерекшелік шекті мәндері.....	33
4.2.5	Көлденең пайдаланылған газ мұржа.....	11	10.6	Тест: Функцияларды тексеру үшін баптаулар.....	33
4.2.6	Бөлек құбырды қосу.....	11	10.7	Негізгі баптауларды қалпына келтіру.....	33
4.2.7	Қасбеттегі желдеткіш мұржа.....	11	11	Газдың реттелуін тексеру.....	34
4.3	Пайдаланылған газ түтігінің ұзындығы.....	11	11.1	Газдың басқа түріне ауысу.....	34
4.3.1	Рұқсат етілген құбыр ұзындығы.....	11	11.2	Газ-ауа арақатынасын тексеру және қажеттілігіне қарай баптау.....	34
4.3.2	Біреулеп салған кезде құбырдың ұзындығын анықтау.....	13	11.3	Берілетін газдың қысымын тексеру.....	35
4.3.3	Көп рет пайдалану кездегі құбырлардың ұзындығын анықтау.....	17	12	Пайдаланылған газды өлшеу.....	36
5	Орнату.....	18	12.1	Тұрба тазартушы жұмысы.....	36
5.1	Шарттар.....	18	12.2	Газ жолының тығыздығын тексеру.....	36
5.2	Құю және толтыруға арналған су.....	18	12.3	Пайдаланылған газдардағы СО мөлшерін өлшеу.....	36
5.3	Кеңейткіш ыдысты тексеру.....	19	13	Қоршаған ортаны қорғау және Қайта өңдеуге жіберу.....	36
5.4	Құрылғыны құрастыруға дайындау.....	19	14	Сақтау, тасымалдау және тарату үшін қосымша талаптар.....	37
5.5	Құрылғыны орнату.....	20	14.1	Көлік.....	37
5.6	Қондырғыны толтырып, ауа өткізбейтіндігін тексеріңіз.....	21	14.2	Сақтау.....	37
5.7	Ыстық су бойлерінсіз жұмыс істеу.....	22	14.3	Ережелер мен шарттарды іске асыру.....	37
6	Электр бөліміне қосу.....	22	14.4	Тұрғын үй, коммерциялық немесе өндірістік аймақтарда жұмыс істеуге арналған техникалық құралдарды пайдаланудағы шектеулер туралы мәліметтер.....	37
6.1	Жалпы нұсқаулар.....	22	15	Тексеру және техникалық қызмет.....	37
6.2	Құрылғыны қосу.....	22	15.1	Тексеру және техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулар.....	37
6.3	Сыртқы керек-жарақтарды қосу.....	22	15.2	Соңғы сақталған ақауды шақыру.....	38
7	Іске қосу.....	24	15.3	Жылыту блогын тексеру.....	38
7.1	Құрылғыны қосу.....	24	15.4	Электродтарды тексеріп, жылыту блогын тазалаңыз.....	39
7.2	Басқару панеліне шолу.....	24			
7.3	Дисплейдегі таңбалар.....	24			
7.4	Жылытуды қосу.....	25			
7.4.1	Жылыту режимін қосу/өшіру.....	25			
7.4.2	Берілісте максималды температураға қою.....	25			

15.5	Конденсат сифонын тазалау	41
15.6	Араластырғыштағы мембрананы тексеріңіз (ПГ кері ағынын қамтамасыз ету мақсатында)	41
15.7	GC7000iW ... C-құрылғылары: пластиналы жылу алмастырғышты тексеру	41
15.8	GC7000iW ... C-құбырлары: суық су құбырындағы және турбинадағы электі тексеру	41
15.9	Кеңейткіш ыдысты тексеріңіз	42
15.10	Жылыту қондырғысының жұмыс қысымын реттеңіз	42
15.11	Ауаны отау автоматты қақпағын шешу	42
15.12	3-жүрісті қақпақшаның қозғалтқышын тексеру	42
15.13	3-жүрісті қақпақшаның қозғалтқышын шешу	42
15.14	Газ арматурасын тексеру	42
15.15	Газ арматурасын шешу	43
15.16	Контроллерді демонтаждаңыз	43
15.17	Жылыту блогын демонтаждаңыз	44
15.18	Техникалық қызмет көрсету жән тексерудің бақылау тізімі	45
16	Жұмыс істеу және ақаулар индикациялары	46
16.1	Жалпы мәліметтер	46
16.2	Жұмыс істеу және ақаулар индикациялары кестесі	46
16.3	Көрсетілмейтін ақаулар	51
17	Қосымша	52
17.1	Құрылғыны қолданысқа енгізу хаттамасы	52
17.2	Электр сымдары	54
17.3	Техникалық сипаттамалар	55
17.4	Конденсаттың құрамы	57
17.5	Датчик мәндері	57
17.6	Кодтауға арналған штекер	57
17.7	Қыздыру ауытқымасы	57
17.8	Жылыту сорғысының әмбебап сипаттамасы	58
17.9	Жылу қуатының белгіленген мәндері	58
17.9.1	GC7000iW 24	58
17.9.2	GC7000iW 20/28 C	59

1 Символдардың мағынасы және қауіпсіздік техникасының ережелері

1.1 Таңбалардың мәні

Ескертулер

Ескертулерде сигнал сөздер қауіптің алдын алу шаралары орындалмаған жағдайда салдарының түрі мен ауырлығын білдіреді.

Осы құжатта кездесуі мүмкін келесі сигналдық сөздердің сипаттамасы берілген:



ҚАУІП

ҚАУІП ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті деңгейдегі қатерден жарақат алу мүмкін екендігін білдіреді.



ЕСКЕРТУ

ЕСКЕРТУ ауыр дәрежедегі немесе өмірге қауіпті зиян келуі мүмкін екендігін білдіреді.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ таңбасы жеңіл және орташа деңгейдегі жарақат алу қаупі бар екенін білдіреді.

ҰСЫНЫС

ҰСЫНЫС материалдық шығын орын алуы мүмкін екенін білдіреді.

Маңызды ақпарат



Адамдардың өміріне төнетін қауіпке немесе материалдық зиянға қатысты емес маңызды ақпарат ақпараттық таңбамен белгіленеді.

Басқа таңбалар

Таңба	Мәні
►	Қолданылу кезеңі
→	Құжаттың басқа бөліміне көлденең сілтеме
•	Тізбе/тізім жазбасы
–	Тізбе/тізім жазбасы (2-деңгей)

Кесте 1

1.2 Қауіпсіздікке қатысты жалпы нұсқаулар

⚠ Мақсатты топқа арналған нұсқаулар

Бұл нұсқаулық газ бен су қондырғыларының, жылыту және электротехника саласының мамандарына арналған. Барлық нұсқаулықтардағы нұсқауларды сақтаған жөн. Нұсқауларды сақтамаған жағдайда материалдық шығындар мен адамдардың өлім қатеріне дейін әкелетін шығын болуы мүмкін.

- Орнатуды бастаудан бұрын монтаждау, қызмет көрсету және пайдалануға енгізу бойынша нұсқауларды оқыңыз (жылу генераторы, жылуды реттегіштер, сорғылар, т.б.).
- Қауіпсіздік техникасы мен ескертулерді қадағалаңыз.

- ▶ Ұлттық және аймақтық жарлықтарды, техникалық ережелер мен директиваларды сақтаңыз.
- ▶ Орындалған жұмыстардың құжаттарын жасап отырыңыз.

⚠ Мақсаты бойынша пайдалану

Бұл өнімді тек ыстық су қолданылатын жабық жылу жүйелерінде суды қыздыру және ыстық су жасау үшін ғана қолдануға болады.

Кез келген басқа пайдалану мақсатынан тыс қолдану деп саналады. Орын алған зақымдар үшін өндіруші жауап бермейді.

⚠ Газ иісі кезіндегі әрекеттер

Газ шыққанда жарылыс қаупі туындайды. Газ иісі шыққан жағдайда келесі жүріс-тұрыс ережелерін қадағалаңыз.

- ▶ Алау мен ұшқынның шығуына жол бермеңіз:
 - Шылым шегуге, автомобиль немесе сіріңке пайдалануға тыйым салынады.
 - Электр қосқыштарды қолданбаңыз, штекерлерді ажыратпаңыз.
 - Телефонмен сөйлесуге немесе қоңырау шалуға тыйым салынады.
- ▶ Басты блоктау құрылғысында немесе газ есептеуішінде газ беруді жабыңыз.
- ▶ Терезелер мен есіктерді ашыңыз.
- ▶ Барлық тұрғындарға хабарландырып, ғимаратты босатыңыз.
- ▶ Бөгде адамдардың ғимаратқа кіруіне жол бермеңіз.
- ▶ Ғимараттан тыс: өрт сөндіру қызметіне, полицияға және газбен қамтамасыз ету кәсіпорнына қоңырау шалыңыз.

⚠ Пайдаланылған газ шыққан кездегі улану қаупі

Пайдаланылған газ шыққанда жарылыс қаупі туындайды.

- ▶ Пайдаланылған газ түтіктеріне және тығыздауларға зақым келмейтінін ескеріңіз.

⚠ Пайдаланылған газ аз жанғандағы улану қаупі

Пайдаланылған газ шыққанда жарылыс қаупі туындайды. Пайдаланылған газдар құбырына зақым келгенде немесе тығыз емес жағдайда не газ иісі шыққан жағдайда келесі жүріс-тұрыс ережелерін қадағалаңыз.

- ▶ Жанатын газдың келу жолын тоқтату.
- ▶ Терезелер мен есіктерді ашыңыз.

- ▶ Осыған сәйкес барлық тұрғындарға хабарландырып, ғимаратты босатыңыз.
- ▶ Бөгде адамдардың ғимаратқа кіруіне жол бермеңіз.
- ▶ Пайдаланылған газдар құбырының зақымдануын бірден жөндеу.
- ▶ Жану үшін ауа берілуін қауіпсіз ету.
- ▶ Есіктерде, терезелерде және қабырғаларда желдету саңылауларын кішірейтуге немесе жабуға тыйым салынады.
- ▶ Жеткілікті жану үшін тартпа желдеткіш, сондай-ақ ауасы сыртқа шығарылатын ауа өткізгіші бар ас үй желдеткіші мен кондиционерлер секілді жетілдірілген құрылғылардың көмегімен ауамен қамтамасыз етіңіз.
- ▶ Жану үшін ауаның жеткіліксіз болған жағдайда өнімді іске қоспау.

⚠ Монтаж, іске қосу және техникалық қызмет көрсету

Монтажды, іске қосу және техникалық қызмет көрсетуді ресми рұқсаты бар мамандандырылған кәсіпорын орындауы керек.

- ▶ Бөлмедегі ауаға қойылатын белгілі талаптармен жұмыс істеу режимінде: құрылғы орнатылған орында ауа тазартылып тұратынын тексеріңіз.
- ▶ Қауіпсіздікпен байланысты компоненттерді жөндеп, қолмен жасамаңыз және ажыратпаңыз.
- ▶ Тек түпнұсқа бөлшектерді пайдаланыңыз.
- ▶ Газ өткізетін бөлшектермен жұмыс жасап болғаннан кейін газ өткізбейтінін тексеріңіз.

⚠ Электр құралдармен жұмыс істеу

Электр құралдарымен жұмыс істеуге тек электромонтаж мамандарына рұқсат беріледі.

Электр құралдармен жұмыс істеуден бұрын:

- ▶ Желі кернеуін өшіріңіз барлық полюстерін және қайта қосылудан қорғаңыз.
- ▶ Кернеудің жоқ екенін тексеріңіз.
- ▶ Құрылғының басқа бөліктерінің монтаждау сызбаларындағы нұсқауларды орындаңыз.

⚠ Қолданушы ұйымға тапсыру


Жылыту қондырғысын пайдалануға беру және пайдалану жағдайында соңғы тұтынушыға нұсқау беріңіз.

- ▶ Басқару жолдарын түсіндіріңіз — қауіпсіздік үшін маңызды әрекеттерге ерекше көңіл бөліңіз.

- Әсіресе келесі мәселелерге назар аударыңыз:
 - Құрылысын өзгерту немесе жөндеу жұмыстарын тек мамандандырылған кәсіпорын жүргізу керек.
 - Қауіпсіз және экологиялық қауіпсіз пайдалану үшін кемінде жыл сайынғы тексеру, сондай-ақ талап бойынша тазалау және техникалық қызмет көрсету талап етіледі.
- Қарау, тазалау және техникалық қызмет көрсету болмауының немесе тиісті дәрежеде қаралмауының ықтимал салдарларын (жарақаттар, өмір үшін қауіпке немесе материалдық зиянға дейін) анықтаңыз.
- Көміртегі тотығының (CO) қауіптілігін көрсетіңіз және CO сигнализаторларын қолдануды ұсыныңыз.
- Қолданушы ұйымға монтаж және қолдану нұсқаулықтарын беріңіз.

2 Өнім туралы мәліметтер

2.1 Жеткізу көлемі



Сурет 1 Жеткізу көлемі

- [1] Газды конденсациялық құралы
- [2] Бекіту материалы (керек-жарақтарымен бірге бұрандалар)
- [3] Құралдың құжаттар жиынтығы
- [4] Аспалы рельстер
- [5] Құю және ағызу клапаны
- [6] Сақтандырғыш клапан шлангісі (жылыту контуры)

2.2 Сәйкестік декларациясы

EAC Осы өнімнің конструкциясы мен жұмыс сипаттамалары Еуразиялық Кеден Одағының (EAC) талаптарына сәйкес келеді.

EAC таңбалануы өнімнің осы таңбалануды қолдану арқылы қарасырылған барлық қолданыстағы заңдарға сәйкес келетіндігін мәймдейді.

Сәйкестік декларациясының толық мәтіні келесі интернет мекен-жайында қолжетімді: www.bosch-climate.kz.

2.3 ЕО нормаларына және ЕАЭО техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігі туралы ақпарат

Бұл құрылғы еуропалық заңнама мен 2016/426/EO, 92/42/ЕЭО, 2014/35/EO, 2014/30/EO директиваларының талаптарына және ЕО типті тексеру сертификатында сипатталған түрге сәйкес келеді.

Кеден Одағының қолданыстағы техникалық регламенттері

- TR TS 004/2011 – Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі
- TR TS 016/2011 – Газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін аппараттардың қауіпсіздігі
- TR TS 020/2011 – Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі

Кеден Одағының техникалық регламентіне сәйкестік сертификатының нөмірі: RU C-TR.AD85.V.00331/21

2.4 Өнім айқындамасы

Зауыт тақтайшасы

Техникалық ақпарат тақтайшасында сыйымдылығы, рұқсаты, өндірілген күні (айы және жылы) және бойлердің сериялық нөмірі туралы мәліметтер бар. Зауыттық тақтайша орнын өнімдерді шолу бетінен табасыз.

Қосымша зауыттық тақтайша

Қосымша жапсырма өнімнің атауы мен өнім туралы ең маңызды ақпаратты қамтиды. Ол өнімнің сыртында, оңай жерде жапсырылған.

2.5 Шолу


GC7000iW ... құрылғылары жылыту жүйесінің ендірілген сорғысы және ыстық су бойлерін қосуға арналған 3 жүрісті клапаны бар конденсациялық газ қазандықтары болып табылады.

GC7000iW ... C құрылғылары жылыту жүйесінің ендірілген сорғысы, ағынды принциппен жылыту және ыстық суды қыздыруға арналған 3 жүрісті клапаны мен пластиналы жылу алмасу құралы бар конденсациялық газ қазандықтары болып табылады.

Түрі	Тапсырыс нөмірі
GC7000iW 24 P 23	7 736 901 435
GC7000iW 20/28 C 23	7 736 901 436

Кесте 2 Шолу

2.6 Өлшемдер мен ең аз қашықтық



Сурет 2 Өлшемдер мен ең аз қашықтық (мм)

- [1] Пайдаланылған газға арналған керек-жарақтар
 [2] Аспалы рельстер
 [3] Монтаж панелі (қосымша құрылғы)

* Ұсынылатын

- A Құрылғының жоғарғы жиегінен көлденең мұржаның ортаңғы осіне дейінгі қашықтық
 B Құрылғының жоғарғы жиегінен төбеге дейінгі қашықтық
 K Саңылау диаметрі
 S Қабырғаның қалыңдығы

S қабырғаларының қалыңдығы	Пайдаланылған газға [мм] арналған Ø керек-жарақтарға арналған K [мм]	
	Ø 80	Ø 80/125
15–24 см	110	155
24–33 см	115	160
33–42 см	120	165
42–50 см	145	170

Кесте 3 Пайдаланылған газға арналған керек-жарақ диаметріне байланысты S қабырғаларының қалыңдығы

Тік мұржаның керек-жарақтары		B [мм]
	Ø 80/125 мм Байланыстырушы адаптер Ø 80/125 мм	≥ 250
	Ø 60/100 мм Байланыстырушы адаптер Ø 60/100 мм	≥ 250

Тік мұржаның керек-жарақтары		B [мм]
	Ø 80/80 мм Бөлек құбырды қосу Ø 80/80 мм	≥ 310
	Ø 80 мм Байланыстырушы адаптер Ø 80 мм ауа беру функциясымен	≥ 310
	Ø 80/125 мм Тұрба тексеру Ø 80/125 мм	≥ 350
	Ø 60/100 мм Қысқарту Ø 80/125 мм Ø 60/100 мм, Тексеру тұрбасы Ø 60/100 мм	≥ 380


Кесте 4 Мұржаның керек-жарақтарына байланысты B қашықтығы

Көлденең пайдаланылған газ құбырына арналған пайдаланылған газ керек-жарақтары		A [мм]
	Ø 80/80 мм бөлек құбырды қосу Ø 80/80 мм, бұрғыш 90° Ø 80 мм	208
	Ø 60/100 мм Байланыстырушы бұрғыш Ø 60/100 мм	82

Көлденең пайдаланылған газ құбырына арналған пайдаланылған газ керек-жарақтары		А [мм]
	Ø 80/125 мм Байланыстырушы бұрғыш Ø 80/125 мм	114
	Ø 80 мм Тексеру саңылауы бар ұшайыр Ø 80 мм	150
	Ø 80/125 мм Тексеру парақтары 90°, Ø 80/125 мм	150
	Ø 60/100 мм Тексеру парақтары 90°, Ø 80/125 мм, Қысқарту Ø 80/125 мм Ø 60/100 мм	150

Кесте 5 Мұржаның керек-жарақтарына байланысты А қашықтығы

2.7 Өнімге шолу



0010014480-001

Сурет 3 Өнімге шолу

- | | |
|---|--|
| [1] GC7000iW ... C-құрылғылары: Толтыру құрылғысы | [20] Жанатын ауаға арналған өлшегіш штуцер |
| [2] GC7000iW ... C-құрылғылары: Ыстық су температурасының датчигі | [21] Тексеріс саңылауы |
| [3] Конденсат сифоны | [22] Дифференциалдық қысым релесі |
| [4] GC7000iW ... C-құрылғылары: Пластиналы жылу алмастырғыш | [23] Желдеткіш |
| [5] Пайдаланылған газ температурасын шектегіш | [24] GC7000iW 24 құрылғылары: резонатор |
| [6] Қосылатын газ қысымына арналған өлшегіш штуцер | [25] Пайдаланылған газға арналған кері клапаны бар араластырғыш (мембрана) |
| [7] Газдың минималды көлемінің реттеу бұрандасы | [26] Электродтар жиынтығы |
| [8] Максималды газ шығынына арналған дроссель жапқышы | [27] Жылыту блогының температурасын шектегіш |
| [9] Кеңейткіш ыдыс | [28] Жылыту блогы |
| [10] Азот беретін клапан | [29] Конденсат ваннасы |
| [11] Газ трубасы | [30] Тексеру саңылауының қақпағы |
| [12] Жылыту жүйесінің су беру құбыры | [31] 3 жүрісті клапан |
| [13] Сорғыш түтік | [32] Зауыт тақтайшасы |
| [14] Беру температурасының датчигі | [33] Жылыту сорғысы |
| [15] Автоматты сору желдеткіші | [34] Сақтандыру клапаны (жылыту контуры) |
| [16] Жоғары кернеу трансформаторы | [35] GC7000iW ... C-құрылғылары: турбина |
| [17] Пайдаланылған газға арналған өлшегіш штуцер | [36] Құю және ағызу клапаны |
| [18] Жағуға арналған ауаны сору | [37] Басқару блогы |
| [19] Пайдаланылған газдар түтігі | [38] Манометр |

3 Жарлықтар

Өнімді орнатудың және пайдалану ережелеріне сәйкес болу үшін барлық мемлекеттік және аймақтық жарлықтарды, техникалық ережелер мен директиваларды сақтаңыз.

6720807972 құжатында қолданыстағы ережелер туралы ақпарат бар. Қарау үшін интернет бетіміздегі құжаттарды іздеу функциясын пайдалануыңызға болады. Электрондық пошта мекенжайын осы нұсқаулықтың артқы жағынан табуға болады.

4 Пайдаланылған газ бұрғыш

4.1 Пайдаланылған газдың рұқсат етілген керек-жарақтары

Пайдаланылған газға арналған керек-жарақтар құралдың CE рұқсатының бөлігі болып табылады. Осыған байланысты мұржаға тек өндіруші ұсынатын түпнұсқа керек-жарақтарды орнатуға рұқсат беріледі.

- Пайдаланылған газға арналған керек-жарақтар, концентрациялық құбыр Ø 60/100 мм
- Пайдаланылған газға арналған керек-жарақтар, концентрациялық құбыр Ø 80/125 мм
- Пайдаланылған газға арналған керек-жарақтар, бөлек құбыр Ø 60 мм
- Пайдаланылған газға арналған керек-жарақтар, бөлек құбыр Ø 80 мм

Мұржаның осы түпнұсқа керек-жарақтарының атаулары мен бөлшектердің артикул нөмірлерін жалпы каталогтан табасыз.

4.2 Құрастыру шарттары

4.2.1 Негізгі нұсқаулар

- ▶ Пайдаланылған газды шығару жүйесіне арналған қосалқы бөлшектерді орнату нұсқауларын сақтаңыз.
- ▶ Мұржаның керек-жарақтарын құрастыру үшін ауа камерасының өлшемдерін сақтаңыз.
- ▶ Мұржаның муфталарындағы тығыздауыштарды еріткіштері жоқ жанармаймен майлаңыз.
- ▶ Мұржаның бөлшектерін муфтаға тірелгенше қойыңыз.
- ▶ Көлденең жерлерді төмендетіп 3° (= 5,2 %, 5,2 см бір метрге) пайдаланылған газ ағынының бағытына қарай жүргізіңіз.
- ▶ Ылғалды бөлмелерде жағылатын ауаның контурын оқшаулау керек.
- ▶ Тексеру саңылауларын еркін қол жететін жерден жасау керек.

4.2.2 Тексеру саңылауларының орналасуы

- Құрылғымен тексерілген 4 м дейінгі мұржалар үшін бір тексеру саңылауы жеткілікті.
- Көлденең жерлерде/жалғанатын бөліктерде кемінде бір тексеру саңылауын қарастыру керек. Тексеру саңылауларының ең көп аралығы 4 м. Тексеру саңылауларын 45° градустан көп бұрылыста орналастыру керек.
- Көлденең жерлер/байланыстырушы бөлікте үшін бір тексеру саңылауы жеткілікті, егер
 - тексеру саңылауының алдындағы көлденең жердің ұзындығы 2 метрден аспаса **және**
 - көлденең жердегі саңылау тік бөліктен ең көп 0,3 м қашықтықта болса **және**
 - тексеру саңылауының алдындағы көлденең жерде екіден көп бұрылыс болмаса.

- Пайдаланылған газдар құбырының тік кесіндемесінің төменгі тексеру саңылауы төмендегідей орналасуы керек:
 - мұржаның тік бөлігінде тура қосатын бөлікке арналған саңылаудың үстінде **немесе**
 - байланыстырушы бөліктің бүйірінен және мұржаның тік бөлігінен ең көп 0,3 м қашықтықта **немесе**
 - түзу қосатын жердің алдыңғы жағында пайдаланылған газ жүйесінің бұрылуынан тік жағынан 1 м қашықтықта орналасқан.
- Пайдаланылған газ құрылғысын ұшынан тазартуға келмесе, онда ұшының астынан 5 м дейін тағы жоғарғы тексеріс саңылауы болуы керек. Тік пен осьтің аралығында 30° градустан көп еңісі бар мұржаның тік бөліктерінде байланысқан жерге дейін ең көбі 0,3 м қашықтықта тексеру саңылауы болуы керек.
- Тік кесінділерде жоғарғы тексеріс саңылауларынан бас тартуға болады, егер:
 - мұржаның тік бөлігінің ең болмаса бір жерінде 30° градусқа дейін еңіс болуы керек **немесе**
 - төменгі тексеріс саңылауы ұшынан 15 м артық қашықтықта болмауы керек.

4.2.3 Шахтадағы мұржа

Талаптар

- Шахтадағы мұржаға тек бір газ құрылғысын қосуға рұқсат беріледі.
- Пайдаланылған газ құбыры бір шахтаға орналастырылған болса, бар байланыс саңылаулары қажетті негізде және тығыз жабылған болуы керек.
- Шахта жанбайтын, пішінін сақтайтын материалдардан жасалуы керек, отқа төзімділіктің ұзақтығы 90 минуттан кем болмауы керек. Онша биік емес ғимараттарға отқа төзімділік уақыты 30 минут болса жеткілікті.


Шахтаның құрылыстық қасиеттері

- Жеке құбыр ретіндегі шахта мұржасы (V_{23} , → 7-сур.):
 - Құрылғы тұратын жерде 150 см² бір саңылау немесе сыртқа шығарылған әрқайсысы 75 см² болатын екі саңылау болуы керек.
 - Пайдаланылған газ құбыры шахтаның ішінде жалпы биіктікте желдетілуі керек.
 - Желдетудің кіріс саңылауы (ең аз 75 см²) жабдық орнатылатын жерде және ол қорғағыш тормен жабылуы керек.
- Концентрация құбыры ретіндегі шахтаға баратын мұржа (V_{33} , → 8-сур.):
 - Жабдық орнатылатын ғимаратқа бір кВт номиналды жылу қуатына жылыту ауасы 4 м³ көлемінде келсе, сыртқа саңылау керек емес. Кері жағдайда ғимаратта орнату орнында 150 см² саңылау немесе әрқайсысы 75 см² болатын екі саңылау болуы керек.
 - Пайдаланылған газ құбыры шахтаның ішінде жалпы биіктікте желдетілуі керек.
 - Желдетудің кіріс саңылауы (ең аз 75 см²) жабдық орнатылатын жерде және ол қорғағыш тормен жабылуы керек.
- Шахтада концентрациялық құбыр арқылы жылыту ауасын жеткізу (C_{33} , → 9-сур.):
 - Жылыту ауасы шахтада концентрациялық құбырдың сақиналы саңылауы арқылы беріледі.
 - Сыртқа шығатын саңылау болуы міндетті емес.
 - Шахтаны желдетуге саңылау керек емес. Ауаға тор қажет емес.

- Жылыту ауасын жеке құбыр арқылы беру (C_{53} , → 10-сур.):
 - Құрылғы тұратын жерде 150 см^2 бір саңылау немесе сыртқа шығарылған әрқайсысы 75 см^2 болатын екі саңылау болуы керек.
 - Жылыту ауасы сырттан жылыту ауасының жеке құбыры арқылы беріледі.
 - Пайдаланылған газ құбыры шахтаның ішінде жалпы биіктікте желдетілуі керек.
 - Желдетудің кіріс саңылауы (ең аз 75 см^2) жабдық орнатылатын жерде және ол қорғағыш тормен жабылуы керек.
- Жылыту ауасының ағынға қарсы принципі бойынша шахта арқылы берілуі (C_{93} , → 11-сур.):
 - Жылыту ауасының берілуі ағынға қарсы шахтаның шаятын мұржасы арқылы іске асады.
 - Сыртқа шығатын саңылау болуы міндетті емес.
 - Шахтаны желдетуге саңылау керек емес. Ауаға тор қажет емес.

Шахтаның өлшемі

- Рұқсат етілген шахта өлшемінің бар-жоғын тексеріңіз.



Сурет 4 Тікбұрышты немесе дөңгелек қима

Пайдаланылған газға арналған керек-жарақтар	$a_{\text{мин}}$	$a_{\text{макс}}$	$D_{\text{мин}}$	$D_{\text{макс}}$
Ø 60 мм	100 мм	220 мм	100 мм	300 мм
Ø 80 мм	120 мм	300 мм	120 мм	300 мм
Ø 80/125 мм	180 мм	300 мм	200 мм	380 мм

Кесте 6 Шахтаның рұқсат етілген өлшемдері

Бар шахталар мен мұржалардың тазарту

- Пайдаланылған газ мұржа шахта арқылы шықса, (→ 7, 8 және 10-сур.), тазалау керек емес.
- Жылыту ауасы ағынға қарсы принципі бойынша берілсе, (→ 11-сур.), шахтаны тазалау керек.

Алдыңғы пайдалану	Қажетті тазалау
Желдеткіш шахта	Механикалық тазалау
Газбен жылытудағы пайдаланылған газ мұржа	Механикалық тазалау
Маймен не қатты отынмен жылытудағы пайдаланылған газ мұржа	Механикалық тазалау; жылыту ауасында қабырғадағы шаңның (мыс., күкірт) булануын алдын алу үшін бетті консервациялау

Кесте 7 Тазалау бойынша қажетті жұмыстар

Бетті консервациялауды алдын алу:

- іштегі ауаға байланысты жұмыстың түрін таңдаңыз.

-немесе-

- Жылыту ауасын сырттан шахтадағы концентрациялық құбырлар немесе жеке құбырлар арқылы тарту.

4.2.4 Тік пайдаланылған газ мұржа

Мұржаның керек-жарақтарымен бірге берілетін қосымша зат

«Желдететін тік мұржаның» керек-жарақтарына «концентрациялық құбыр», «концентрациялық бұрғыш» немесе «тексеру саңылаулары» беріледі.

Пайдаланылған газ мұржа төбенің үстінде

Мұржаның керек-жарақтарының жиегі мен жабынның бетінің аралығы 0,4 м болса жеткілікті, себебі қазандықтың номиналды жылыту қуаты 50 кВт аз емес.


Орнату орны және желдеткіш мұржа

- Шатырдың құрылымы төбенің үстінде болатын ғимаратқа құрылғыларды орнату:
 - Егер еденнен белгілі отқа төзімділік қажет етілсе, желдеткіш мұржада төбеден жабынға дейін сондай төзімділіктегі оқшаулау болуы керек.
 - Егер төбенің отқа төзімділігі қажет етілмесе, төбеден жабынға дейінгі желдеткіш мұржа жанбайтын, мықты шахтамен немесе темір қорғағыш құбыр (механикалық қорғау) арқылы жүргізілуі мүмкін.
- Егер желдеткіш мұржа ғимараттағы бірнеше қабатта пайдаланылатын болса, пеш жағатын орыннан тыс ол шахтада болуы керек. Шахтада кемінде 90 минут, ал тұрғын үй ғимараттарында кемінде 30 минут отқа төзімділік болуы керек.

Шатырдан жоғары қашықтық өлшем




Шатырдағы ең аз биіктікті сақтау үшін сыртқы құбырды «"сыртқы құбырды ұзарту" керек-жарақтарымен» 500 мм дейін ұзартуға болады.



Сурет 5 Тегіс жабын кезіндегі арақашықтық

	Жанатын құрылыс материалдары	Жанбайтын құрылыс материалдары
X	≥ 1500 мм	≥ 500 мм

Кесте 8 Тегіс жабын кезіндегі арақашықтық



Сурет 6 Екі жақты шатыр кезіндегі арақашықтық пен еңіс

A	≥ 400 мм, қар көп жауатын аймақтарда ≥ 500 мм
α	25° – 45°, қар көп жауатын облыстарда ≤ 30°

Кесте 9 Екі жақты шатырға арналған арақашықтық

4.2.5 Көлденең пайдаланылған газ мұржа

Мұржаның керек-жарақтарымен бірге берілетін қосымша зат

Құрылғы мен қабырғадағы гильза кез-келген жерде мына керек-жарақтармен толтырылады: «концентрациялық құбыр», «концентрациялық бұрғыш» немесе «тексеру саңылауы».

Сыртқы қабырғаның үстіндегі желдеткіш мұржа C₁₃

- Терезе, есік, қоршаулар мен бір біріне келтірілген пайдаланылған газ ұштарына дейінгі ең аз қашықтықты ескеру керек.
- Шахтадағы концентрациялық құбырды жердің деңгейінен төмен орналастыруға болмайды.

Шатырдың үстіндегі желдеткіш мұржа C₃₃

- Тапсырыс беруші жабынды орнатқан кезде ең аз арақашықтық сақталуы керек.

Мұржаның керек-жарақтарының кірісі мен жабынның бетінің

аралығы 0,4 м болса жеткілікті, себебі көрсетілген құрылғылардың номиналды жылыту қуаты 50 кВт аз. Шатырдағы терезелер ең төменгі өлшемдерге қойылатын талаптарға жауап береді.

- Кіріс шатырдың архитектуралық элементтерінен, ғимараттағы саңылаудан және жанатын материалдан жасалған қорғалмаған құрылыс құрылымынан кемінде 1 м биік немесе олардан 1,5 м қашықтықта болуы керек. Бұл шатырдың жабынына қатысты емес.
- Терезелері бар шатырдың үстіндегі көлденең желдеткіш мұржа үшін әкімшілік жарлыққа сәйкес жылыту құрылғылардың қуатына қатысты шектеу жоқ.

4.2.6 Бөлек құбырды қосу

Жеке құбырларды «жеке құбырдың» келте құбырымен «Т тәрізді бөлікпен» жалғауға болады.

Ауаның бір құбыр арқылы беріледі Ø 80 мм.

Құрастыру үлгісі 10-беттегі 17-суретте.

4.2.7 Қасбеттегі желдеткіш мұржа

Жылыту ауасын тарту мен екі муфта немесе ұштық «арасындағы» мұржа кез-келген жерде қасбетке арналған керек-жарақтармен толтырылады: «концентрациялық құбыр» және «концентрациялық бұрғыш».

Құрастыру үлгісі 10-беттегі 19-суретте.

4.3 Пайдаланылған газ түтігінің ұзындығы

4.3.1 Рұқсат етілген құбыр ұзындығы

Мұржалардың рұқсат етілген ұзындығы 10-кестесінде берілген.

Мұржаның ұзындығы L (қажет кезде жалпы L₁, L₂ және L₃) мұржаның жалпы ұзындығын көрсетеді.

Мұржаның қажетті бұрыштары (мыс., құрылғыдағы бұрғыш және шахтадағы аркбутан В₂₃) құбырдың ұзындығында есептелген.

- Әрбір қосымша 90° бұрғыш 2 метрге сәйкес келеді.
- 45° немесе 15° қосымша бұрғыш 1 метрге сәйкес келеді.


Пайдаланылған газ мұржа CEN стандартына сәйкес	Сурет тер	Мұржа керек-жарақтарының диаметрі	Құрылғы	Шахтаның қимасы	Құбырдың ең көп ұзындығы		
					L L = L ₁ +L ₂ L = L ₁ +L ₂ +L ₃	L ₂	L ₃
Шахта							
B _{23P}	7	80 мм берік	GC7000iW 24 P	–	50 м	5 м	–
			GC7000iW 20/28 C	–	50 м	5 м	–
		80 мм иілімді	GC7000iW 24 P	–	34 м	5 м	–
			GC7000iW 20/28 C	–	33 м	5 м	–
B ₃₃	8	Шахтаға дейін: 80/125 мм	GC7000iW 24 P	–	48 м	5 м	–
		Шахтада: 80 мм берік	GC7000iW 20/28 C	–	50 м	5 м	–
		Шахтаға дейін: 80/125 мм	GC7000iW 24 P	–	31 м	5 м	–
		Шахтада: 80 мм иілімді	GC7000iW 20/28 C	–	31 м	5 м	–
C ₃₃	9	80/125 мм	GC7000iW 24 P	–	23 м	5 м	–
			GC7000iW 20/28 C	–	24 м	5 м	–
C ₅₃	10	Шахтаға дейін: 80/125 мм	GC7000iW 24 P	–	42 м	2 м	5 м
		Шахтада: 80 мм берік	GC7000iW 20/28 C	–	42 м	2 м	5 м
		Шахтаға дейін: 80/125 мм	GC7000iW 24 P	–	26 м	2 м	5 м
		Шахтада: 80 мм иілімді	GC7000iW 20/28 C	–	27 м	2 м	5 м

Пайдаланылған газ мұржа CEN стандартына сәйкес	Суреттер	Мұржа керек-жарақтарының диаметрі	Құрылғы	Шахтаның қимасы	Құбырдың ең көп ұзындығы			
					L L = L ₁ +L ₂ L = L ₁ +L ₂ +L ₃	L ₂	L ₃	
C ₉₃	11	Шахтаға дейін: 80/125 мм Шахтада: 80 мм берік	GC7000iW 24 P	○ 120 мм	16 м	5 м	–	
				○ 130 мм	19 м	5 м	–	
				○ ≥ 140 мм	25 м	5 м	–	
				□ ≥ 120×120 мм	25 м	5 м	–	
			GC7000iW 20/28 C	○ 120 мм	15 м	5 м	–	
				○ 130 мм	18 м	5 м	–	
				○ 140 мм	24 м	5 м	–	
				○ 150 мм	24 м	5 м	–	
				○ ≥ 160 мм	25 м	5 м	–	
				□ 120×120 мм	24 м	5 м	–	
				□ ≥ 130×130 мм	25 м	5 м	–	
				Шахтаға дейін: 80/125 мм Шахтада: 80 мм иілімді	GC7000iW 24 P	○ 120 мм	11 м	5 м
			○ 130 мм			15 м	5 м	–
			○ 140 мм			19 м	5 м	–
		○ 150 мм	19 м			5 м	–	
		○ 160 мм	23 м			5 м	–	
		○ 170 мм	23 м			5 м	–	
		○ ≥ 180 мм	25 м			5 м	–	
		□ 120×120 мм	18 м			5 м	–	
		□ 130×130 мм	20 м			5 м	–	
		□ 140×140 мм	23 м			5 м	–	
		□ 150×150 мм	23 м	5 м	–			
		□ ≥ 160×160 мм	25 м	5 м	–			
		GC7000iW 20/28 C	○ 120 мм	11 м	5 м	–		
			○ 130 мм	15 м	5 м	–		
			○ 140 мм	19 м	5 м	–		
			○ 150 мм	19 м	5 м	–		
			○ 160 мм	23 м	5 м	–		
			○ 170 мм	23 м	5 м	–		
			○ ≥ 180 мм	25 м	5 м	–		
			□ 120×120 мм	18 м	5 м	–		
			□ 130×130 мм	23 м	5 м	–		
			□ 140×140 мм	23 м	5 м	–		
			□ 150×150 мм	23 м	5 м	–		
		□ ≥ 160×160 мм	25 м	5 м	–			
Көлденең								
C ₁₃	12	60/100 мм	GC7000iW 24 P	–	5 м	–	–	
			GC7000iW 20/28 C	–	5 м	–	–	
		80/125 мм	GC7000iW 24 P	–	24 м	–	–	
			GC7000iW 20/28 C	–	24 м	–	–	
	13	80/80 мм	GC7000iW 24 P	–	22 м	–	–	
			GC7000iW 20/28 C	–	22 м	–	–	
Тік								
C ₃₃	14	80/125 мм	GC7000iW 24 P	–	22 м	–	–	
			GC7000iW 20/28 C	–	23 м	–	–	
	15	80/80 мм	GC7000iW 24 P	–	30 м	–	–	
			GC7000iW 20/28 C	–	30 м	–	–	
Қасбет								
C ₅₃	16	80/125 мм	GC7000iW 24 P	–	44 м	5 м	–	
			GC7000iW 20/28 C	–	44 м	5 м	–	


Пайдаланылған газ мұржа CEN стандартына сәйкес	Сурет тер	Мұржа керек-жарақтарының диаметрі	Құрылғы	Шахтаның қимасы	Құбырдың ең көп ұзындығы		
					L	L ₂	L ₃
					$L = L_1 + L_2$ $L = L_1 + L_2 + L_3$		
Көп рет пайдалану							
C _{43x}	18	Шахтаға дейін: 80/125 мм Шахтада: 100 мм	GC7000iW 24 P GC7000iW 20/28 C	□ ≥ 140×200 мм ○ 190 мм	Көп рет пайдалануға арналған ұзындықтар 4.3.3-бөлімінде көрсетілген.		

Кесте 10 Мұржаға байланысты құбырлардың ұзындығын шолу


4.3.2 Біреулеп салған кезде құбырдың ұзындығын анықтау




Сурет 7 В_{23P} бойынша шахтадағы мұржа




Сурет 8 В₃₃ бойынша шахтадағы мұржа




Сурет 9 C_{33} бойынша шахтадағы концентрациялық құбыры бар мұржа




Сурет 11 C_{93} бойынша шахтадағы пайдаланылған газ мұржа




Сурет 10 C_{53} бойынша шахтадағы пайдаланылған газ мұржа




Сурет 12 C_{13} бойынша көлденең пайдаланылған газ мұржа




Сурет 13 C₁₃ бойынша көлденең пайдаланылған газ мұржа



Сурет 15 C₃₃ бойынша тік пайдаланылған газ мұржа



Сурет 14 C₃₃ бойынша тік пайдаланылған газ мұржа



Сурет 16 C₅₃ бойынша қасбеттегі пайдаланылған газ мұржа

Құрастыру жағдайын талдау

- Орындағы құрастыру жағдайы мына өлшемдерді анықтайды:
 - Мұржаның түрі
 - Пайдаланылған газ мұржа
 - Газды конденсациялық құралы
 - Құбырлардың көлденең ұзындығы
 - Құбырлардың тік ұзындығы
 - Мұржадағы қосымша 90°-бұрғыш саны
 - Саны 15°, 30°- және мұржада 45°-бұрғыш

Параметрлерді анықтау

- Мұржаға, газды жылыту құрылғысына және мұржаның диаметріне байланысты мына мәндер есептеп шығарылады (→ 10-кесте, 13-бет):
 - Құбырдың ең көп ұзындығы L
 - Қажетінше құбырдың ең көп көлденең ұзындығы L_2 және L_3

Мұржа құбырының көлденең ұзындығын тексеру (тік мұржаға қатысты емес)

L_2 мұржа құбырының көлденең ұзындығы 10-кестесі бойынша L_2 мұржа құбырының көлденең ұзындығынан қысқа болуы керек.

Құбырдың ұзындығын есептеу L

L құбыр ұзындығы (L_1 , L_2 , L_3) көлденең және тік мұржа ұзындығының және пайдаланылған газ мұржа ұзындығының қосындысы болып табылады.

Қажетті 90°-бұрғыш жалпы ұзындықта есептелген. Қосымша бұрғыштар құбырдың ұзындығына есептелуі керек:

- Әрбір қосымша 90° бұрғыш 2 метрге сәйкес келеді.
- 45° немесе 15° қосымша бұрғыш 1 метрге сәйкес келеді.

L құбырының жалпы ұзындығы 10-кестесіндегі L құбырының ең көп ұзындығынан қысқа болуы керек.

Есепке арналған формуля

Мұржа құбырларының көлденең ұзындығы L_2		
Нақты ұзындығы [м]	Ең көп ұзындығы (10-кесте бойынша) [м]	Сәйкес пе?

Кесте 11 Мұржа құбырларының ұзындығын тексеріңіз


Жылыту ауасы құбырының көлденең ұзындығы L_3 (тек C_{53})		
Нақты ұзындығы [м]	Ең көп ұзындығы (10-кесте бойынша) [м]	Сәйкес пе?

Кесте 12 Жылыту ауасы құбырларының көлденең ұзындығын тексеріңіз

Құбырлардың жалпы ұзындығы L	Саны	Ұзындығы [м]	Жалпы [м]
Құбырлардың көлденең ұзындығы		x	=
Құбырлардың тік ұзындығы		x	=
90°-бұрғыш		x	=
45°-бұрғыш		x	=
Құбырлардың жалпы ұзындығы L			
10-кестесіндегі құбырдың ең көп ұзындығы L			
Сәйкес пе?			

Кесте 13 Құбырлардың жалпы ұзындығын есептеу

Үлгі: C_{93} бойынша пайдаланылған газ мұржа



Сурет 17 C_{93} бойынша шахтада пайдаланылған газ мұржаның құрастыру жағдайы

[1] Құрылғыдағы 90°-бұрғыш және шахтадағы аркбутан ең көп ұзындықпен есептелген

L_1 Мұржа құбырларының тік ұзындығы

L_2 Мұржа құбырының көлденең ұзындығы

Көрсетілген орнату жағдайының параметрлері (→ 17-сурет)	
Пайдаланылған газ мұржа CEN стандартына сәйкес	C_{93}
Құрылғы түрі	GC7000iW 24 P
Мұржа керек-жарақтарының диаметрі	Шахтаға дейін: 80/125 мм Шахтада: 80 мм берік
Шахтаның қимасы	○ 200 мм
Құбырлардың көлденең ұзындығы	$L_2 = 2$ м
Құбырлардың тік ұзындығы	$L_1 = 10$ м
Қосымша 90°-бұрғыш ¹⁾	2 (× 2 м)
45°-бұрғыш	2 (× 1 м)
10-кесте бойынша анықталған	$L \leq 25$ м $L_2 \leq 5$ м

1) Құрылғыдағы 90°-бұрғыш және шахтадағы аркбутан ең көп ұзындықпен есептелген.

Кесте 14


Мұржа құбырларының көлденең ұзындығы L_2		
Нақты ұзындығы [м]	Ең көп ұзындығы (10-кесте бойынша) [м]	Сәйкес пе?
2	5	o.k.

Кесте 15 Мұржа құбырларының ұзындығын тексеріңіз

Құбырлардың жалпы ұзындығы L	Саны	×	Ұзындығы [м]	=	Жалпы [м]
Құбырлардың көлденең ұзындығы	1	×	2	=	2
Құбырлардың тік ұзындығы	1	×	10	=	10
90°-бұрғыш	2	×	2	=	4
45°-бұрғыш	2	×	1	=	2
Құбырлардың жалпы ұзындығы L					18
10-кестесіндегі құбырдың ең көп ұзындығы L					25
Сәйкес пе?					о.к.

Кесте 16 Құбырлардың жалпы ұзындығын есептеу

4.3.3 Көп рет пайдалану кездегі құбырлардың ұзындығын анықтау



Сурет 18 C_{43x} бойынша концентрациялық тұрбдан көп рет пайдалану



ЕСКЕРТУ

Улану қаупі бар!

Егер бірнеше құбыр жүргізген кезде мұржаның жүйесіне көр құбырлы жалғауға жарамайтын құрылғылар жалғанса, үзіліс кезінде жұмыста пайдаланылған газ пайда болуы мүмкін.

- Мұржаның жалпы жүйесіне көп құбыр жүргізуге жарамды құбырларды жалғаңыз.



Көп рет пайдалануға тек жылытуға және ыстық су беруге арналған 30 кВт дейін қуаты бар құрылғылар үшін рұқсат (→ 10-кесте).

Пайдаланылған газ мұржаның көлденең бөлігіндегі бұрылыстар	L ₂
1 - 2	0,6 м ¹⁾ - 3,0 м
3	0,6 м ¹⁾ - 1,4 м

- 1) Мұржаға жалғанатын (керек-жарақтар) темір келте құбырды пайдалану L₂ < 0,6 м.

Кесте 17 Мұржа құбырының көлденең ұзындығы

Топ	
HG1	Ең көп қуаты 16 кВт дейінгі құрылғылар
HG2	Ең көп қуаты 16-дан 28 кВт-қа дейінгі құрылғылар
HG3	Ең көп қуаты 30 кВт-қа дейінгі құбырлар

Кесте 18 Құрылғыларды топтастыру

Құрылғылардың саны	Құрылғылардың түрі	Шахтадағы мұржа құбырларының ең көп ұзындығы L ₁
2	2 × HG1	21 м
	1 × HG1	15 м
	1 × HG2	
	2 × HG2	21 м
	2 × HG3	15 м
3	3 × HG1	21 м
	2 × HG1	15 м
	1 × HG2	
	1 × HG1	15 м
	2 × HG2	
	3 × HG2	12,5 м
	3 × HG3	7 м
4	4 × HG1	21 м
	3 × HG1	13 м
	1 × HG2	
	2 × HG1	13 м
	2 × HG2	
	1 × HG1	10,5 м
	3 × HG2	
5	5 × HG1	21 м

Кесте 19 Мұржа құбырларының тік ұзындығы



Шахтадағы әрбір 15°, 30° немесе 45°-бұрғыш шахтадағы мұржа құбырының ұзындығын 1,5 метрге қысқартады.

5 Орнату



ЕСКЕРТУ

Тұтанғыш газдардың жарылуы өмірге қауіпті!

Шыққан газ жарылуыға әкелуі мүмкін.

- ▶ Газ өткізетін бөлшектермен жұмысты тек рұқсаты бар мамандар істеуі керек.
- ▶ Газ өткізетін бөлшектермен жұмыс істеуден бұрын газ қранын жабыңыз.
- ▶ Қолданылған тығыздауыштарды жаңасымен ауыстырыңыз.
- ▶ Газ өткізетін бөлшектермен жұмыс істеп болғаннан кейін газ өткізбейтінін тексеріңіз.



ЕСКЕРТУ

Улану қауіпі бар!

Шыққан газ улануға әкеп соқтыруы мүмкін.

- ▶ Газ өткізетін бөлшектермен істеп жасап болғаннан кейін газ өткізбейтінін тексеріңіз.

5.1 Шарттар

- ▶ Орнатудан бұрын құбырларды тазартатын газбен қамтамасыз ету мекемелерінен рұқсат сұраңыз.
- ▶ Ашық жылыту құрылғылары, жабық жүйелерге өту.
- ▶ Газ жиналуына жол бермес үшін мырышпен қапталған жылытқыштар және құбырларды пайдаланбаңыз.
- ▶ Егер құрылыс бақылау органдары нейтрализациялау қондырғысын орнатуды талап етсе, тек Bosch нейтрализациялау қондырғысын (керек-жарақтар) пайдалану керек.
- ▶ Сұйық газ болған кезде, сақтық клапаны бар қысым реттегішін орнатыңыз.

Гравитациялық жылыту жүйелері

- ▶ Құралды шламдарды бөлу құрылғысы бар гидравликалық жалғастырығыш тетіктер арқылы бұрыннан бар құбыр жолдарына жалғаңыз.

Еден жылыту жүйесі

- ▶ Еденді жылыту жүйесінің тура ағынының рұқсат етілген температураларын сақтаңыз.
- ▶ Пластик құбырларды пайдаланған кезде диффузияға қарсы қабаттың болуына назар аудару қажет немесе жылу алмастырғыштарды пайдаланып жүйелердің бөлінуін қамтамасыз ету керек.

Бет температурасы

Құрылғының беттегі ең көп температурасы 85 °C-тан аспайды. Сондықтан жанатын құрылыс материалдарына және орнатылатын жиһаздарға арналған қорғаныс шаралары қажет емес. Жергілікті нұсқауларды орындаңыз.

5.2 Құю және толтыруға арналған су

Ыстық судың сапасы

Толтырылған судың сапасы жылыту жүйесінің үнемділігін арттырудың, қауіпсіздігінің, пайдаланылу ұзақтығы мен даярлығы деңгейінің басты көрсеткіші болып табылады.


ҰСЫНЫС

Жылу алмастырғыштың зақымдалуы, сондай-ақ сәйкес емес судан, антифризден немесе ыстық суға арналған сәйкес емес қоспалардан болатын жылу генераторындағы немесе ыстық су жабдықтауындағы ақау!


Сәйкес келмейтін немесе лас су қойыртпақтың, тоттың немесе әк қыртыстарының түзілуіне әкелуі мүмкін. Ыстық суға сәйкес келмейтін қоспалар немесе келмейтін антифриз (ингибиторлар немесе тотқа қарсы қоспалар) жылу генераторының және жылыту жүйесінің зақымдалуына әкеледі.

- ▶ Толтырмас бұрын жылыту жүйесін шайыңыз.
- ▶ Содан кейін жылыту жүйесін ауызсумен толтырыңыз.
- ▶ Құдықтан немесе скважинадан алынған сумен толтырмаңыз.
- ▶ Толтыратын суды мына бөлімде көрсетілген нұсқаулар бойынша дайындаңыз.
- ▶ Тек рұқсат етілген антифриздерді пайдаланыңыз.
- ▶ Ыстық суға арналған қоспаларды, не болмаса тотқа қарсы қоспаларды қоспа өндірушісі оның жылу генераторына және жылыту жүйесіндегі басқа материалдарға жарамдылығын растаған жағдайда ғана пайдаланыңыз.
- ▶ Антифриз бен ыстық суға арналған қоспаларды минималды жарамды концентрация үшін дайындаушы деректеріне сәйкес қана қолданыңыз.
- ▶ Тұрақты тексерулер мен түзету жұмыстарын жүргізген кезде, антифриз бен ыстық суға арналған қоспалар өндірушісінің нұсқаларын ескеріңіз.

Суды дайындау



Сурет 19 Құюға және толтыруға арналған су °dH шығару құралына қойылатын талаптар < 50 кВт



Сурет 20 Құюға және толтыруға арналған су °F-н шығару құралына қойылатын талаптар < 50 кВт

- x Жалпы қаттылық
y Жылу генераторының қызмет ету мерзіміне қатысты судың ең көп болуы мүмкін көлемі, м³
- A Су құбырындағы суды дайындықсыз пайдалануға болады.
B Толтыру үшін ≤ 10 мСм/см өткізу қабілеті бар тұщытылған суды пайдалану керек.

Суды дайындау үшін ұсынылған және бекітілген шараға толтыру және қосымша құюға арналған суды ≤ 10 микросименс/см (≤ 10 мСм/см) мәніне дейін минералсыздандыру жатады. Суды дайындаудың орнына жылу генераторынан кейін тұратын жылу алмастырғыш арқылы жүйені бөлуді қарастыруға болады.

Су дайындау туралы қосымша ақпаратты өндірушіден сұрауыңызға болады. Хабарласу мәліметтерін осы нұсқаулықтың артқы бетінен табасыз.

Антифриз



Құжатта 6 720 841 872 рұқсат етілген антифриздердің тізімі бар. Қарау үшін интернет бетіміздегі құжаттарды іздеу функциясын пайдалануыңызға болады. Электрондық пошта мекенжайын осы нұсқаулықтың артқы жағынан табуға болады.

Желілік су қоспалары

Ыстық суға қосылатын қоспа, мыс., тотқа қарсы қоспалар, басқа тәсілмен кетпейтін әрдайым оттектен әсерге түскен кезде қажет етіледі.




Ыстық судағы тығыздауыш нәрселер жылыту блогында қабаттардың түзілуіне әкелуі мүмкін. Сондықтан оларды пайдалануыңыз ұсынылмайды.

5.3 Кеңейткіш ыдысты тексеру

Келесі диаграмма орнатылған кеңейткіш ыдыс жеткілікті ме, әлде қосымша кеңейткіш орнату керек пе деген сұраққа жауап береді. Көрсетілген сипаттамаларда келесі бақылау цифрлары есепке алынған:

- 1 % кеңейткіштегі судың қоры немесе кеңейткіш ыдыстың номиналды көлемінің 20 % бөлігі
- Сақтандыру клапанының жұмыс қысымының айырмашылығы 0,5 бар
- Кеңейткіш ыдыстың кірісіндегі қысым қыздыру аспабының үстіндегі қондырғының статикалық биіктігіне сәйкес.
- Ең жоғары жұмыс қысымы: 3 бар



Сурет 21 Кеңейткіш ыдыстың графикалық сипаттары

- I Кірістігі қысым 0,5 бар
II Кірістігі қысым 0,75 бар (бастапқы теңшеу)
III Кірістігі қысым 1,0 бар
IV Кірістігі қысым 1,2 бар
V Кірістігі қысым 1,3 бар
B Кеңейткіш ыдыстың жұмыс диапазоны
A Қосымша кеңейткіш ыдыс қажет
T_v Берілу температурасы
V_A Қондырғы көлем литрмен

- Шектік аумақта: ыдыстың дәл өлшемін жергілікті талаптарға сәйкес анықтаңыз.
- Егер қиылысу нүктесі қисықтың оң жағында болса: қосымша кеңейткіш ыдысты орнатыңыз.

5.4 Құрылғыны құрастыруға дайындау

ҰСЫНЫС

Дұрыс монтаж көрсетілмеген жағдайда жабдық бүлінуі мүмкін!

Монтаж тиісінше орындалмаса, құрал қабырғадан құлап кетеді.

- Монтируйте прибор только на прочную, жесткую стену. Қабырға құрал салмағын көтеруі қажет, оның ауданы құралдың қабырғаға жанасатын бетінен кішкентай болмауы керек.
- Қабырға түрі мен құрал салмағына сәйкес келетін бұрандалар мен дюбельдерді ғана қолданыңыз.



Құбырларды құрастыруды қарапайым ету үшін құрастыру панелін пайдалануды ұсынамыз. Берілген керек-жарақтар туралы қосымша ақпаратты біздің жалпы каталогымыздан табасыз.

- Қаптамадағы нұсқауларды орындай отырып, қаптаманы шешіңіз.
- Құрастыру панелін жинау (опция).
- Қабырғаға құрастыру үлгісін бекітіңіз (жеткізу жиынтығы).
- Құралмен бірге жіберілген бұрандалар мен дюбельдерді пайдалануға болатынын тексеріңіз.
- Таңдалған дюбельдер мен бұрандалар үшін сәйкес саңылауды бұрғылаңыз.
- Монтаж үлгісін шешіңіз.
- Аспалы шинаны 2 бұрандамен және дюбель шегемен қабырғаға бекітіңіз (жеткізу көлемі).

5.5 Құрылғыны орнату

ҚАУІП

Ластанған желілік судың кесірінен аспап зақымданған!

Құбыр жолдары желісіндегі қалдықтар құрылғыны зақымдауы мүмкін.

- ▶ Аспапты орнатпас бұрын, құбыр желілерін жуыңыз.


Қаптаманы алу



Екі бұрандамен қаптау арқылы бөтен адамдардың шешуі мүмкін болмайды (электр қауіпсіздігі).

- ▶ Қаптаманы үнемі осы бұрандалармен қатайтып отырыңыз.

1. Бұрандаларды шешіңіз.
2. Қаптаманы жоғары алыңыз.




Сурет 22 Қаптаманы алу

Құрылғыны іліңіз

- ▶ Белгіленген елдің белгісін және газ түрінің сәйкестігін (→ зауыттық тақтайша) тексеріңіз.
- ▶ Тасымадау бекіткіштерін алып тастаңыз.
- ▶ Фитингтерге төсеме салыңыз.
- ▶ Құбырды іліңіз
- ▶ Фитингтердегі төсемелердің орналасуын тексеріңіз.
- ▶ Фитингтердің ілме гайкаларын тартыңыз.


Сақтандырғыш клапанда шланг орнату (жылыту)



Сурет 23 Сақтандырғыш клапанының шлангасын орнату

Конденсат сифонының шлангісін орнату

- ▶ Конденсат сифонынан қалпақты алыңыз.
- ▶ Конденсаттың сифонына шланг орнатыңыз.




Сурет 24 Конденсат сифонының шлангісін орнату

- ▶ Конденсаттың шлангісін еңіс қойып, кері контурға жалғаңыз.
- ▶ Конденсат сифонының жалғануының тығыздылығын тексеріңіз.

Құю/ағызу кранын құрастыру (жеткізу көлемі)

1. Тежегіш тұтқаны алыңыз.
2. Қақпақты алып тастаңыз.
3. Құю/ағызу кранын құрастырып тежегіш тұтқамен бекітіп тастаңыз.




Сурет 25 Құю/ағызу кранын құрастыру

Сифон орнату

Сифон (№ 432 керек-жарақ) ағатын су мен конденсатты ағызады.

- Шығару құбырын тот баспайтын материалдардан жасау керек (жергілікті талаптарға сәйкес).
- Қысымды құбырды DN 40 келтеқосқышына тікелей орнатыңыз.
- Шлангілерді көлбеу жүргізіңіз.
- Сифонның ағызу шлангісін қосуды тиісті орнату орнын ескере отырып, тиісті санитарлық есептеулерге сәйкес орындаңыз.



Сурет 26 Конденсат шлангісі мен сақтық клапанының шлангісін сифонға орнатыңыз

- [1] Конденсат шлангісі
- [2] Сақтық клапанының шлангісі (жылыту контуры)

Пайдаланылған газ керек-жарақтарын қосыңыз



Мұржаның керек-жарақтарын орнатуда нұсқаулықтардағы қосымша ақпаратты ескеріңіз.


- Пайдаланылған газ арнасының ауа өткізбейтінін тексеріңіз.

5.6 Қондырғыны толтырып, ауа өткізбейтіндігін тексеріңіз

ҰСЫНЫС

Егер қолданысқа енгізген кезде су қолданылмаса, құрылғы зақымдалуы мүмкін!

- Құрылғыны тек су толтырылған күйде пайдаланыңыз.



Сурет 27 Газ бен су беру жағына арналған жалғаулар (керек-жарақ)

- [1] Ыстық су беру краны
- [2] GC7000iW ... C-құрылғылары: Толтыру құрылғысы
- [3] GC7000iW ...-құрылғылары: беру цилиндрі, GC7000iW ... C-құрылғылары: ыстық су беру краны
- [4] Газ краны
- [5] GC7000iW ...-құрылғылары: қайтару цилиндрі, GC7000iW ... C-құрылғылары: салқын су беру краны
- [6] Жылытудың кері краны
- [7] Құю және ағызу клапаны
- [8] Сақтандырғыш клапан шлангісі (қыздыру контуры)
- [9] Конденсат шлангы
- [10] Сифон

Су контурын толтырыңыз және босатыңыз

- GC7000iW ... C құрылғылары: құрылғыдағы салқын су кранын [5] және ыстық су кранын [3] ашыңыз. Содан кейін ыстық су беру кранын су аққанша ашық ұстаңыз.
- Ыстық су жинау ыдысы бар GC7000iW ... құрылғылары: сыртқы суық су кранын ашып, содан кейін ыстық су кранын су кеткенше ашық күйде ұстаңыз.
- Ажырату орындарының ауа өткізбейтінін тексеріңіз (тексеру қысымы: макс. 10 мбар).

Жылыту құрылғысын толтырыңыз және ауасын шығарыңыз

- Кеңейткіш ыдыстың кірісіндегі қысымды жылыту қондырғысының статикалық биіктігіне орнатыңыз.
- Жылытқыштың клапандарын ашыңыз.
- Жылытудың кері жүрісінің кранын [1] және ыстық су беру кранын [6] ашыңыз.
- Құю және ағызу крандарында жылыту жүйесін 1–2 барға дейін толтырыңыз [7], содан кейін крандарды қайта жабыңыз.
- Жылытқыштағы ауаны шығарыңыз.
- Автоматты сору желдеткішін ашыңыз (ашық қалдырыңыз).
- Жылыту қондырғысын 1–2 бар қысымға дейін толтырып, толтыру және босату кранын қайтадан жауып қойыңыз.
- Ажырату орындарының ауа өткізбейтінін тексеріңіз (тексеру қысымы манометр бойынша макс. 2,5 бар).

Газ құбырынан газ шығып тұрмағанын тексеріңіз

- Газ арматурасын артық қысым нәтижесінде зақымдалуынан қорғау үшін газ кранын жабыңыз.

- ▶ Ажырату орындарының ауа өткізбейтінін тексеріңіз (тексеру қысымы еі көп 150 мбар).
- ▶ Қысымды төмендетіңіз.

5.7 Ыстық су бойлерінсіз жұмыс істеу

- ▶ Құрастыру тақтасында ыстық және суық су фитингтерін бітеңіз.

6 Электр бөліміне қосу

6.1 Жалпы нұсқаулар




ЕСКЕРТУ

Электр тогын қосу өмірге қауіпті!

Тогы бар электрлік элементтерге тиіп кету электр тогының соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.

- ▶ Электр жабдықтарымен жұмыс істеуден бұрын: барлық полюстерді ажыратыңыз (сақтандырғыш/LS қосқышы) және кездейсоқ қосылып кетуден қорқаңыз.
- ▶ Ұлттық және халықаралық нұсқауларға сәйкес сақтық шараларын орындаңыз.
